

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша оқыту іс-шарасының хаттамасы

Алматы қ.

« 19 » 09 2024 ж.

Семинардың тақырыбы:

1) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының негізгі талаптары.

2) Ұжымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциясы туралы қайталау ақпараты.

Семинар сабақты «Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблі РМҚК-ның комплаенс офицері К. Илиясов.

Семинарда сөйлеген сөзінде К. Илиясов сыбайлас жемқорлық жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі алу немесе алу мақсатында заңсыз пайдалануы екенін айтты немесе өздері не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар делдалдары арқылы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен осы тұлғаларға пара беру арқылы жүзеге асырылады.

Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;

-бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, қылмыстық схемаларды ашу және сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын жоюжұмысы болып табылады.

Осы талаптарды ескере отырып, Ансамбльде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және этика және комплаенс мәселелері жөніндегі ансамбльдің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мүдделерінің қақтығыстарын анықтау және реттеу жөніндегі саясат әзірленді.

Бұл Саясат мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында әзірленген және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі тетіктерінің бірі болып табылады. Мүдделер қақтығысына байланысты елеулі бұзушылықтар Ансамбльдің іскерлік беделіне нұқсан келтіруі және оған барлық мүдделі

тараптардың сеніміне нұқсан келтіруі мүмкін. Лауазымды адамның немесе қызметкердің жеке мүдделері олардың ансамбльдің бейтараптық, адалдық және мүдделерін қорғау қағидаттары негізінде өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауына ықпал етпеуі тиіс.

Ансамбльде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізе отырып, біз заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң сақтауға және ішкі құжаттарды қатаң басшылыққа алуға тиіспіз.

Осы семинарда сабақ өз жұмысын аяқтады.

Комплаенс офицер
К.Илиясов

A handwritten signature in blue ink, appearing to read 'K. Iliysov', is written over a horizontal line. The signature is stylized and includes a long horizontal stroke extending to the right.